

ӘӨЖ 342.25(574+4):352.07

FTAMP 10.15.51

DOI 10.56525/LPXN4893

## СУБСИДИАРЛЫҚ ПРИНЦИПІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ: ЕУРОПАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

**Ғ. А. Абдықадыров**

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан  
e-mail:abdi\_0507@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада субсидиарлық принципінің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі теориялық мәні мен практикалық маңызы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің нысаны - Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқарудың 1985 жылғы Хартиясы мен Қазақстан Республикасының жергілікті басқару заңнамасы. Аталған принциптің нормативтік мазмұны Хартияның 4(3)-бабы негізінде ашылып, оның Польша, Оңтүстік Корея және Грузия заңнамасындағы іске асырылу тәжірибесі салыстырмалы-құқықтық тәсіл арқылы сараланады. Қазақстан Республикасы заңнамасының субсидиарлық принципімен үйлесімі «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы Заң мен ауыл әкімдеріне жүктелген 177 функция мысалында бағаланады. Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы ауыл деңгейіндегі функциялардың шамамен 10–15 пайызы субсидиарлық принципіне қайшы келетіні анықталды: бейінді емес функциялар, ресурстық қамтамасыз ету тапшылығы және делегирлеудің шектеусіздігі негізгі проблемалар ретінде айқындалды. 2026 жылғы заңнамалық өзгерістер жағдайды жақсарту бағытында нақты қадам ретінде бағаланды. Зерттеу нәтижелері негізінде Еуропалық хартияны ратификациялау, функциялар тізілімін бекіту және делегирлеуге ресурстық шарт белгілеу бойынша заңнамалық реформаға нақты ұсыныстар берілді.

**Түйін сөздер:** субсидиарлық принципі, жергілікті өзін-өзі басқару, орталықсыздандыру, ауыл әкімі, Еуропалық хартия, функция-ресурс балансы, жергілікті басқару реформасы, Қазақстан.

### **Кіріспе**

Мемлекеттік басқару теориясында биліктің қай деңгейде шоғырлануы тиіс деген сауал мыңдаған жылдан бері философтар мен заңгерлердің назарында. Алайда бұл сауалдың тәжірибелік жауабы XIX ғасырда ғана нормативтік тұрғыда қалыптаса бастады - алдымен католик әлеуметтік ілімінде, кейін еуропалық конституционализм доктринасында. Субсидиарлық принципі бүгінде жергілікті өзін-өзі басқарудың теориялық іргетасы ретінде жалпы танылған, бірақ оның қолданылу сипаты елден елге айтарлықтай ерекшеленеді [1].

Қазақстан Республикасы үшін бұл принциптің маңыздылығы 2021 жылдан бастап ерекше күшейді: тікелей сайлау жүйесінің енгізілуі, IV деңгейлі бюджеттің кеңейтілуі, 2025 жылғы диалог-платформа - осының барлығы мемлекеттің жергілікті деңгейге нақты өкілеттіктер беруге ниетті екенін аңғартады [2]. Бірақ ниет пен нақты норма арасындағы алшақтық сақталуда: ауыл әкімдеріне жүктелген 177 функцияның ішінде бейінді емес, субсидиарлық принципіне қайшы функциялар бар екені 2025 жылғы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің талдауымен дәлелденді [3].

Зерттеудің өзектілігі - субсидиарлық принципінің тек декларативті деңгейде емес, нақты заңнамалық нормаларда іске асырылуының тетіктерін анықтауда жатыр. Бұл мәселе Президент Қ.-Ж. Тоқаевтың 2025 жылғы 28 қарашадағы диалог-платформадағы сөзінде де орталық орын алды: «Ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?» - деген сауал дәл осы принциптің бұзылуын ашық мойындауы болатын [4].

Аталған зерттеу тақырыбы отандық ғылымда жеткілікті деңгейде зерттелмеген. А.Б. Жусупов Еуропалық хартия қағидаттарының Қазақстан заңнамасына имплементациялану мүмкіндіктерін жалпы тұрғыда сараптаса [5], Л.Т. Жанузакова жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздерін зерттеді [6]. Б.А. Мухамеджанов унитарлық мемлекетте орталықсыздандыру ерекшеліктерін конституциялық тұрғыда талдады [7]. Алайда субсидиарлық принципін ауыл деңгейіне - нақты функционалдық жүктемеге - қатысты арнайы зерттеу жоқ. Осы олқылықты толтыру - мақаланың басты мақсаты.

**Зерттеу әдістемесі.** Зерттеуде салыстырмалы-құқықтық, жүйелік-талдамалық және функционалдық талдау әдістері қолданылды. Негізгі дереккөздер ретінде Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы, ҚР заңнамасы, МҚІА-ның 2025 жылғы функционалдық аудиті, сондай-ақ Польша, Оңтүстік Корея және Грузия тәжірибесін сараптаған халықаралық зерттеулер пайдаланылды. Салыстыру параметрлері ретінде: конституциялық бекіту деңгейі, функция каталогының болуы, функция-ресурс синхрондылығы, делегирлеу шектеулері және халықтың жергілікті билікке деген сенім деңгейі алынды.

**Зерттеу нәтижелері.** Субсидиарлық принципін философиялық тамыры Аристотельдің «Саясат» еңбегіндегі жергілікті қауымдастықтың өзін-өзі реттеу идеясынан бастау алады. Алайда бұл принцип саяси-құқықтық ілімнің нысанына ХІХ ғасырда айналды - неміс мемлекеттанушысы Г. Краузе (Karl C.F. Krause) мен католик қоғамдық ілімінің өкілі Папа ХІІІ Лев «*Regum Novarum*» (1891) энцикликасы арқылы. Принциптің мәні қарапайым: жоғарғы деңгей тек төменгі деңгей өз бетінше шеше алмайтын мәселелерді ғана реттеуге тиіс [8].

Заңнамалық деңгейде субсидиарлық принципі алғаш рет 1985 жылғы Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясында бекітілді. Хартияның 4(3)-бабы айқын тұжырымдалған: «Мемлекеттік өкілеттіктер, жалпы ереже ретінде, азаматтарға ең жақын билік органдары жүзеге асыруға тиіс. Өкілеттіктерді басқа органға беру функцияның көлемі мен сипатын, тиімділік пен үнемділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс» [9]. 1992 жылы Маастрихт шартымен бұл принцип Еуропалық Одақтың конституциялық негіздерінің бір бөлігіне айналды.

Ғылыми дискурста субсидиарлық принципін үш өлшемі бар. Бірінші - вертикалдық өлшем: биліктің деңгейлері арасындағы өкілеттіктер бөлінісі. Екінші - горизонталдық өлшем: мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы жауапкершілік шекарасы. Үшінші - процессуалдық өлшем: бір деңгей екінші деңгейдің атына шешім қабылдас бұрын оның мүмкіндіктерін тексеруге міндетті [10]. Мемлекеттік басқару практикасы үшін аса маңыздысы - бірінші өлшем, яғни функциялардың қай деңгейде орындалу тиімдірек екенін анықтау критерийлері.

У. Оутс (Wallace Oates) «орталықсыздандыру теоремасын» тұжырымдай отырып, субсидиарлықтың экономикалық негіздемесін ашты: жергілікті деңгей жергілікті қажеттіліктерді орталықтан тиімдірек анықтай алады, сондықтан қоғамдық игіліктерді барынша төменгі деңгейде ұсыну оңтайлы [11]. Бұл тұжырым субсидиарлық принципін тек этикалық немесе саяси ұстаным ғана емес, экономикалық тиімділіктің де принципі екенін дәлелдейді. П. Бардхан мен Д. Мукхерджи бұл пікірге қарсыдай болып, функция берілген деңгейде оны орындауға жеткілікті ресурс болмаса, субсидиарлық принципін нәтижесі кері болатынын - жергілікті деңгейдің жауапкершілік алып, бірақ орындай алмай отыруы - ескертті [12].

Еуропалық хартияны ратификациялаған 46 мемлекеттің арасында субсидиарлық принципін іске асырылу дәрежесі өте әртүрлі. Мақала аясында Польша, Оңтүстік Корея және Грузия тәжірибесі қарастырылады - Қазақстанмен салыстырылатын унитарлық мемлекеттер ретінде.

Польша. 1990 жылғы жергілікті өзін-өзі басқару реформасы субсидиарлық принципін заңнамалық деңгейде жүзеге асырудың үлгісі болды. Польшада гмина деңгейіне тек сол деңгейде тиімді орындала алатын функциялар берілді, ал ресурс функциямен бір мезгілде берілді. Й. Регульски реформаның табысты болу себебін дәл осы функция-ресурс синхрондылығынан іздейді: «Бізде бір ереже болды - өкілеттік бермей тұрып, бюджетті бер» [13]. Польша Конституциясының 15-бабы субсидиарлықты конституциялық деңгейде бекітіп,

«жергілікті деңгей принцип ретінде алғашқы, орталық деңгей - резервтік» деген идеяны нормативтік ережеге айналдырды.

Оңтүстік Корея. 1991 жылдан бастап жергілікті кеңестерді сайлаудан басталған реформа субсидиарлық принципін фискалдық орталықсыздандыру арқылы нақтылады. Біпчон деңгейіне берілген функциялар ортақ нормативтік каталогқа енгізіліп, оларды орталық деңгей тек ерекше жағдайда қайта ала алады. С. Ким, Ю. Ли және Т. Кимнің 2022 жылғы зерттеуі фискалдық дербестік пен жергілікті билікке деген халық сенімінің арасында оң корреляция бар екенін эмпирикалық деректермен дәлелдеді [14]. Бұл тұжырым субсидиарлық принципін тек заңдық ұстаным ғана емес, демократиялық легитимділіктің факторы екенін де айқындайды.

Грузия. 2006 жылғы реформа кезінде 1000-нан астам муниципалитет 64-ке дейін ірілендірілді. Бұл шешімнің астарында тиімділік логикасы жатты: шағын муниципалитеттер субсидиарлық принципі бойынша берілген функцияларды орындауға техникалық және кадрлық тұрғыда дайын емес. Алайда KDZ зерттеуі (2023) ірілендірудің шағын қауымдастықтардың басқаруға қатысу мүмкіндігін азайтқанын, субсидиарлықтың «жақындық» өлшемін бұзғанын растады [15]. Грузия тәжірибесі «субсидиарлық» пен «тиімділік» мақсаттарының кейде қарама-қайшы келетінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясын ратификациялаған жоқ, бірақ ҚР Конституциясының 89-бабы жергілікті өзін-өзі басқаруды конституциялық деңгейде мойындайды. «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы № 148 Заңда субсидиарлық термині тікелей қолданылмайды, бірақ 35-баптағы ауыл әкімінің өкілеттіктері тізімі осы принцип логикасына сүйенеді: жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті деңгейде шешу [16].

Алайда А.Б. Жусуповтің зерттеуі анықтағандай, Конституцияның 89-бабында жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындау нормасы бар болғанымен, оның іске асыру механизмі заңнамалық деңгейде жеткіліксіз нақтыланған [5]. Бұл олқылық ауыл деңгейінде ерекше байқалады: бір жағынан, 177 функция берілген, екінші жағынан, олардың 10–15 пайызы субсидиарлық принципіне қайшы - яғни осы деңгейде орындалуы тиіс емес функциялар.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2025 жылғы функционалдық аудиті субсидиарлық принципін бұзатын бірнеше функция санатын айқындады [3]. Олардың арасында: қараусыз малды іздеу (Азаматтық кодекстің 246-бабы бойынша ішкі істер органдарының құзыреті), мал ұрлығын алдын ала тексеру (Қылмыстық кодекстің 188-1-бабы бойынша ПМ құзыреті), жануарларды жою рәсімдері («Жануарларға жауапты қарым-қатынас туралы» Заң бойынша облыстық деңгей) бар. Бұл функциялар ауыл деңгейіне субсидиарлық принципі бойынша емес, «жергілікті жерде шешілсін» деген әкімшілік ыңғайлылық логикасы бойынша жүктелген, ал бұл принциптің бұзылуы болып табылады.

Тағы бір маңызды мәселе - аудан әкімінің ауыл әкіміне шектеусіз делегирлеу құқығы. «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның қолданыстағы редакциясы аудан әкіміне кез келген өкілеттікті ауыл деңгейіне бере алу мүмкіндігін ұсынады. Субсидиарлық принципі тұрғысынан бұл норма проблемалы: принцип биліктің жоғарыдан төмен ерікті түрде ауысуына емес, функцияның табиғи орындалу деңгейіне қарай орналасуына негізделеді [17].

2026 жылғы 22 сәуірде ҚР Мәжілісі бірінші оқылымда мақұлдаған жаңа заң жобасы осы бағытта принципті қадам жасады: делегирлеу ресурстық қамтамасыз ету шартымен жүргізілетін болды. Бұл норма субсидиарлық принципін «функция берілген жерде ресурс та болуы тиіс» өлшемін заңнамалық деңгейде бекітуге бастайды [2].

Кестеден бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады. Біріншіден, Еуропалық хартияны ратификациялаған Польша мен Грузияда субсидиарлық принципін заңнамалық деңгейде бекітілуі жоғарырақ, бірақ бұл автоматты түрде іске асырылуды білдірмейді. Грузияның ірілендіру реформасы дәл осы сабақты береді. Екіншіден, Қазақстанда субсидиарлық термині заңнамада тікелей қолданылмайды, бірақ 2026 жылғы реформа оның өлшемдерін - делегирлеуді шектеу, ресурс беру шарты, есептілік - іс жүзінде енгізуге бет алды.

Кесте 1 - Субсидиарлық принципін Польша, Оңтүстік Корея, Грузия және Қазақстан заңнамасындағы іске асырылуының салыстырмалы талдауы

Параметр	Польша	Оңтүстік Корея	Грузия	Қазақстан
Хартияны ратификациялау	Иә (1994 ж.)	Жоқ	Иә (2004 ж.)	Жоқ
Конституциялық бекіту	1997 ж. Конституция, 15-бап	Конституция, 117-бап	Конституция, 2-бап	89-бап (жалпы норма)
«Субсидиарлық» термині заңнамада	Тікелей қолданылады	Жанама (функция каталогы)	Заң мәтінінде бар	Қолданылмайды
Функция каталогы (тізілім)	Бар, заңмен бекітілген	Бар, нормативтік актімен	Бар	Жоқ (177 функция шашыраңқы)
Функция-ресурс синхрондылығы	Жоғары (бір мезгілде беріледі)	Орташа	Орташа	Төмен (40% ғана ресурсты)
Делегирлеу шектеулері	Бар, нақты критерийлермен	Бар	Бар	Шектелмеген (2026 ж. дейін)
Бейінді емес функциялардың үлесі	3–5%	4–6%	7–9%	10–15%
Есептілік тетігі	Гминадағы кеңес, тікелей сайлау	Жергілікті кеңес, аудит	Муниципалдық кеңес	2026 ж. заңмен бекітілді
Халықтың жергілікті билікке сенімі	62% (Eurobarometer, 2023)	58% (Kim et al., 2022)	41% (KDZ, 2023)	84%* (МҚІА, 2025)
Реформаның кілтті табысы	Функция-ресурс синхрондылығы	Фискалдық дербестік	Әкімшілік әлеует	Тікелей сайлау
Басты проблема	Функциялардың шамадан тыс ұсақталуы	Орталық трансферттерге тәуелділік	Жақындық өлшемінің жоғалуы	Бейінді емес функциялар + ресурс тапшылығы

Ескертпе: Кесте Regulski (2003), Kim et al. (2022), KDZ (2023), МҚІА (2025) материалдары мен автордың талдауы негізінде жасалды.

Үшіншіден, Қазақстанның 84 пайыздық сенім деңгейі назар аударарлық, бірақ оны сақтықпен түсіндіру керек. Бұл көрсеткіш субсидиарлықтың «жақындық» өлшемінің - тікелей сайлау арқылы қалыптасқан адами жақындықтың - іске асып тұрғанын растайды. Алайда сол уақытта функциялардың 60 пайызы ресурспен қамтамасыз етілмеген. Бұл алшақтық халықтың жоғары сенімінің жүйенің нақты тиімділігін емес, әкімнің жеке қолжетімділігін бағалайтынын аңғартады. Басқаша айтқанда, «жақындық» өлшемі жұмыс істеп тұр, бірақ «тиімділік» өлшемі сақталмай отыр - және уақыт өте бұл алшақтық сенімнің де төмендеуіне әкелуі ықтимал. Польша мен Оңтүстік Корея тәжірибесі де осыны растайды: ұзақ мерзімді сенім жақындықтан ғана емес, функцияларды нақты орындау мүмкіндігінен туындайды.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруда цифрлық технологиялар мен жаңа басқару тетіктерінің ролін зерттеген Таскинбайқызы Ж. және Ниязбекова Ш.У. атап өткендей, кадрлық және институционалдық процестерді жаңғырту үшін стратегиялық тәсілдің болуы - заманауи басқару жүйесінің міндетті шарты [18]. Бұл тұжырым жергілікті өзін-өзі басқару

реформасын да - оның ішінде функциялар тізілімін бекіту сияқты институционалдық жаңарту шараларын - жүйелі стратегия негізінде жүргізу қажеттігін растайды.

**Қорытынды.** Қазақстан заңнамасы осы принципке формалды сәйкестіктен - Конституцияның 89-бабы, «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңның 35-бабы - нақты нормативтік имплементацияға бет алуға. 2021 жылғы тікелей сайлау субсидиарлықтың «жақындық» өлшемін, 2026 жылғы 22 сәуірдегі заң жобасы делегирлеуді шектеу арқылы «тиімділік» өлшемін іске асыруға негіз жасады. Бірақ аяқталмаған бөлім сақталуда: функциялар тізілімі бекітілмеген, бейінді емес функциялардың 10–15 пайызы ауыл деңгейінде сақталып отыр, функция-ресурс балансы 40 пайыздан аспайды.

Осыған байланысты мынадай ұсыныстар тұжырымдалады. Біріншіден, Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясын ратификациялау мәселесін заңнамалық-дипломатиялық деңгейде қарастыру - бұл субсидиарлық принципін Қазақстан заңнамасына ресми имплементациясының нормативтік іргетасын қалайды. Екіншіден, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 35-бабында «субсидиарлық» принципін тікелей атап, функцияларды бөлу критерийлерін нақтылау. Үшіншіден, ауыл әкімдерінің функциялар тізілімін Үкімет қаулысымен бекітіп, Польша тәжірибесіндегідей «функция каталогы» институтын енгізу. Төртіншіден, делегирлеу актісіне ресурстық қамтамасыз ету талабын міндетті норма ретінде заңнамалық деңгейде бекіту.

Бұл шаралар субсидиарлық принципін Қазақстанның жергілікті басқару жүйесіне кезең-кезеңмен интеграциялайды және ауыл деңгейін нақты экономикалық субъект, демократиялық институт ретінде бекітеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Loughlin J. Subnational Democracy in the European Union: Challenges and Opportunities. - Oxford: Oxford University Press, 2004. - 412 p.
2. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2026 жылғы 22 сәуірдегі ҚР Заңы // Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесі. - [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
3. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі. Ауыл әкімдерінің функцияларын талдау: 17 кодекс пен 78 заңдағы 177 функция. - Астана, 2025.
4. Тоқаев Қ.-Ж. Ауыл әкімдерінің диалог-платформасындағы сөзі. - 2025 жылғы 28 қараша. - [akorda.kz](http://akorda.kz)
5. Жусупов А.Б. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы қағидаттарының Қазақстан заңнамасына имплементациялану мүмкіндіктері // Құқық және мемлекет. - 2019. - № 1. - 56–67 бб.
6. Жанузакова Л.Т. Жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 280 б.
7. Мухамеджанов Б.А. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері: монография. - Астана: ҚазГЗУ, 2015. - 240 б.
8. Follesdal A. Survey Article: Subsidiarity // The Journal of Political Philosophy. - 1998. - Vol. 6, No. 2. - P. 190–218.
9. European Charter of Local Self-Government. - Strasbourg: Council of Europe, 15 October 1985. - ETS No. 122.
10. Bermann G.A. Taking Subsidiarity Seriously: Federalism in the European Community and the United States // Columbia Law Review. - 1994. - Vol. 94, No. 2. - P. 331–456.
11. Oates W.E. Fiscal Federalism. - New York: Harcourt Brace Jovanovich, 1972. - 256 p.
12. Bardhan P., Mookherjee D. Decentralization and Local Governance in Developing Countries: A Comparative Perspective. - Cambridge, MA: MIT Press, 2006. - 376 p.
13. Regulski J. Local Government Reform in Poland: An Insider's Story. - Budapest: Open Society Institute, 2003. - 263 p.

14. Kim S., Lee Y., Kim T. Fiscal Decentralization and Trust in Local Government: Evidence from South Korea // *Public Administration Review*. - 2022. - Vol. 82, No. 5. - P. 891–905.
15. KDZ - Centre for Public Administration Research. *Decentralization in Practice: Lessons from Georgia, Moldova and Ukraine*. - Vienna: KDZ, 2023. - 87 p.
16. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы: 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 ҚР Заңы (2026 жылғы 9 қаңтардағы өзгерістермен). - [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
17. Тубанова М.А. Орталықсыздандыру процесінің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудағы рөлі // *ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы*. - 2020. - № 3. - 45–56 бб.
18. Таскинбайқызы Ж., Ниязбекова Ш.У. Роль цифровых технологий и искусственного интеллекта в управлении человеческим капиталом // *Yessenov Science Journal*. - 2025. - № 3 (52). - С. 5–14. - DOI 10.56525/SDZD5382. - ISSN 1684-9299.

## THE ROLE OF THE SUBSIDIARITY PRINCIPLE IN THE LOCAL SELF-GOVERNMENT SYSTEM: COMPARATIVE ANALYSIS OF EUROPEAN EXPERIENCE AND KAZAKHSTANI LEGISLATION

**Ghalymzhan Abdyqadyrov**

Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana  
e-mail: [abdi\\_0507@mail.ru](mailto:abdi_0507@mail.ru)

**Abstract.** This article provides a comprehensive analysis of the theoretical foundations and practical significance of the subsidiarity principle in local self-government systems. The research focuses on the 1985 European Charter of Local Self-Government and the local governance legislation of the Republic of Kazakhstan. The normative content of the principle is examined through Article 4(3) of the Charter, and its implementation is analyzed comparatively across Poland, South Korea, and Georgia as unitary states with reform experience relevant to Kazakhstan. The compatibility of Kazakhstani legislation with the subsidiarity principle is assessed using the Law on Local Public Administration and Self-Government of 2001 and the 177 functions assigned to rural akims. The study reveals that approximately 10–15 percent of rural-level functions contradict the subsidiarity principle due to misaligned competences, insufficient resource support, and unrestricted delegation. The 2026 legislative amendments are evaluated as a meaningful step toward reform. Based on the findings, the article offers concrete legislative recommendations, including ratification of the European Charter, codification of a functions register, and establishing resource-conditionality as a mandatory requirement for delegation.

**Keywords:** subsidiarity principle, local self-government, decentralization, rural akim, European Charter, function-resource balance, local governance reform, Kazakhstan.

## РОЛЬ ПРИНЦИПА СУБСИДИАРНОСТИ В СИСТЕМЕ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЕВРОПЕЙСКОГО ОПЫТА И КАЗАХСТАНСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

**Абдыкадыров Г. А.**

Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана  
e-mail: [abdi\\_0507@mail.ru](mailto:abdi_0507@mail.ru)

**Аннотация.** В статье проводится комплексный анализ теоретических основ и практического значения принципа субсидиарности в системе местного самоуправления. Объектом исследования выступают Европейская хартия местного самоуправления 1985 года и

законодательство Республики Казахстан в сфере местного управления. Нормативное содержание принципа раскрывается на основе статьи 4(3) Хартии, а его реализация анализируется с применением сравнительно-правового метода на примере Польши, Южной Кореи и Грузии как унитарных государств с релевантным реформенным опытом. Соответствие казахстанского законодательства принципу subsidiarity оценивается на примере Закона о местном государственном управлении и самоуправлении 2001 года и 177 функций, возложенных на сельских акимов. В результате исследования установлено, что около 10–15 процентов функций сельского уровня противоречат принципу subsidiarity: основными проблемами являются несоответствие профиля функций, дефицит ресурсного обеспечения и неограниченность делегирования. Законодательные изменения 2026 года оцениваются как реальный шаг к улучшению ситуации. По результатам исследования сформулированы конкретные предложения по законодательной реформе, включая ратификацию Европейской хартии, утверждение реестра функций и закрепление ресурсного условия как обязательного требования при делегировании полномочий.

**Ключевые слова:** принцип subsidiarity, местное самоуправление, децентрализация, сельский аким, Европейская хартия, баланс функций и ресурсов, реформа местного управления, Казахстан.